



БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
директоры

Б.Абдикерова Б.Абдикерова

«02» 02 2022 ж.

«TARBIE.kz» қашықтық облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Қарағанды облысының мектеп-интернаттары, арнайы білім беру ұйымдары, жасөспірімдер үйі, балалар үйі, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары мен ведомстволық емес ұйымдарының **тәрбиешілері** арасында «TARBIE.kz» (бұдан – әрі-Байқау) облыстық байқауы өткізіледі.

1.2 Қатысушылардың жасы шектелмейді, педагогикалық өтілі мен біліктілік санаты ескерілмейді. Қатысушылар Байқауға жеке тәжірибе жұмыстарын және жеке әзірлемелерінің материалдарын ұсынады, үшінші тұлғалардың (басқалар) зияткерлік құқықтарын бұзғаны үшін жауапты болады.

1.3 Байқаудың мақсаты: тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасау; тәрбиешілердің жұмыс тәжірибесімен алмасу және оны тарату; педагог мамандығының беделін арттыру.

1.4 Байқаудың міндеттері:

- білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үдерісіне әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
- тиімді құралдарды, формаларды, жұмыстың инновациялық әдістерін және заманауи тәрбие беру технологияларын анықтау;
- шығармашылықпен жұмыс жасайтын тәрбиешілерді қолдау;
- тәрбиешілердің шығармашылық бастамасын дамыту.

2. Байқаудың мерзімдері мен өткізу шарты

2.1 Байқау 2022 жылдың 10 ақпаны мен 31 наурызына дейін 3 номинация бойынша қашықтықтан өткізіледі:

- «Оқудан тыс іс-шара» - әдістемелік әзірleme оқудан тыс іс-шарасы;
- «Әлеуметтік жоба» - әлеуметтік проблемаға негізделген нақты іс-әрекетті талап ететін өзекті бағдарлама.
- «Ата-аналармен жұмыс» - ата-аналар (занды өкілдері) жиналысы,
- семинары, шеберлік-сынып, ата-аналарға кеңес берудің әдістемелік әзірleme.

2.2 Саулнама-өтінім (Қосымшаға сәйкес) және байқау материалдары 2022 жылдың 11 наурызына дейін қазақ, орыс тілдерінде электрондық түрде tarbie.umc@mail.ru поштасына қабылданады.

3. Бағалау өлшемдері

- 3.1 Мазмұнның қойылған тақырыпқа, мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.
3.2 Алға қойылған міндет пен мақсатқа жету үшін таңдалған әдіс-тәсілдердің негізділігі.
3.3 Нәтижелілігі, тиімділігі.
3.4 Мазмұндылығы және идеялардың түпнұсқалылығы.
3.5 Пәндік-кәсіби біліктілігі.

4. Байқаудың қорытындысын шығару

- 4.1. Байқауды ұйымдастырып өткізу үшін сараптау комиссиясы құрылады, оның құрамына байқауды ұйымдастырушылардың өкілдері мен арнайы шақыртылған мамандар кіреді.
4.2. Байқаудың сараптау комиссиясының шешімі ең нақты да, қорытынды шешім болып табылады және өзгертуге жатпайды. Байқаудың сараптау комиссиясының шешімі тиісті хаттармен рәсімделеді.
4.3. Байқау жеңімпаздары дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.
4.4. Байқау қорытындысы **2022 жылдың 31 наурызында** ҚО ББД ОӘО umckrg.gov.kz сайтында жарияланады.

1 қосымша

Облыстық байқауға қатысу үшін өтінім

Т.А.Ә.	Аймақ	Білім беру ұйымы	Лауазымы	Байланыс мәліметтері
Иванов Иван Иванович	Шахтинск	«Дамуы шектелген арнайы №1 балаларға арналған мектеп-интернаты» КММ	Тәрбиеші	Жұмыс телефоны 8(7213)55555 Ұялы телефон 87776744547